

**«Азаматтық авиация академиясы» АҚ
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
ұйымдастыру-басқару қызметіндегі
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

2015 жылғы 18 қарашадағы №410-5 ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша Үлгілік қағидаларға, сондай-ақ «Азаматтық авиация академиясы» АҚ Басқарма төрағасы – Ректорының (бұдан әрі – Талдау нысаны) 2023 жылғы 17 наурыздағы №63 «Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес, 2023 жылғы 20 наурыз бен 10 сәуір аралығында Талдау нысанының инфрақұрылымдық даму құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Талдау нысаны – «Азаматтық авиация академиясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша Талдау нысаны қызметінде келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

Жалпы (эмбебап) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Қоғам құрылымын және штаттық кестесін қалыптастыруда дискрециялық құқықтың болуы;

Бос лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын белгілі бір адамдарға бейімдеу мүмкіндігі;

Жекелеген қызметкерлерге қосымша ақшалай төлемдер (қосымша ақы, үстемеақы, сыйақы және материалдық көмек) жүргізудің негіздері мен сомаларын таңдау бойынша дискрециялық құқықтың болуы.

Салалық сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру мен қараудың нақты әрі тиімді процедурасының болмауы (немесе оның номиналды сипатқа ие болуы);

Мемлекеттік сатып алу тәсілін (бір көзден сатып алу) дұрыс таңдамау;

Өтемақылы қызмет көрсету шарттарын тікелей жасасу кезінде контрагентті таңдауда дискрециялық басымдық беру мүмкіндігі;

Құжаттарды дайындау барысында қызметтік жалғандық жасау қаупі;

Сабаққа қатысу барысын бақылаудың болмауы немесе тиісті деңгейде жүргізілмеуі;

Бағаларды қою, өзгерту және қайта қарау рәсімінің нақты реттелмеуі.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, келесіні ұсынамыз:

Заңнама мен ішкі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша келесі бағыттарда ұсыныстар енгізу:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне жоғары оқу орындарының әкімшілік және педагогикалық лауазымдары үшін үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу;

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне қосымша қаржылық төлемдердің (қосымша ақы, үстемеақы, сыйақы, материалдық көмек және т.б.) негіздері мен мөлшерлерін нақтылау бөлігінде сыйақы беру қағидаларын өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу;

3. Қоғамның оқу процесіне қатысты жергілікті нормативтік құқықтық актілерін талдап, оларды ұйымдастырушылық-құқықтық нысанға – Акционерлік қоғамға сәйкестендіру, қолданыстағы құрылымға бейімдеу, сондай-ақ нақты Қоғамға қолданылатын қағидаларды әзірлеу және олардан «Үлгілік» ұғымын алып тастау;

4. Қоғамның Директорлар кеңесіне келесі жергілікті нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу және бекітуге ұсыну:

«Қоғамның даму стратегиясы»;

«Қоғамның стратегиялық даму жоспары»;

«Қоғамның басқармасы туралы ереже»;

«Құжаттау және құжат айналымын басқару қағидалары»;

«Негізгі құралдарды есептен шығару қағидалары»;

«Берешекті өндіріп алу қағидалары»;

«Инвестициялық жобаларды іріктеу қағидалары»;

«Қоғам студенттерінің мінез-құлық кодексі»;

«Сыйлыққа тарту саясаты»;

«Мүдделер қақтығысы саясаты»;

«Цифрлық трансформация тұжырымдамасы»;

«Ақпараттық қауіпсіздік саясаты»;

«Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбесі»;

«Коммерциялық құпияны қорғау жөніндегі нұсқаулық»;

«Қоғам қызметкерлерін іссапарға жіберу алгоритмі»;

«Қоғамның Басқарма төрағасы – Ректоры, проректорлары, бас бухгалтері, корпоративтік хатшысы, ішкі аудит қызметінің қызметкерлері және Қоғамның жұмыскерлері болып табылмайтын басқа да мамандар үшін еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қамтамасыз ету туралы ереже»;

«Шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтетін (іссапарға шығатын) PhD докторларының шығындарын өтеу нормалары»;

«Іссапар шығыстарының нормалары»;

«Кеңсе тауарлары мен шаруашылық қажеттіліктерге арналған (құрылыс, электр, тұрмыстық және т.б.) материалдық шығындар нормалары»;

«Негізгі және қосалқы құралдарды есептен шығару қағидалары»;

«Шарттарды ресімдеу, жасасу және олардың орындалуын бақылау тәртібі»;
«Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік сатып алу процесінде өзара іс-қимыл қағидалары (процедурасы)».

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында бюджеттік қаражатты басқаруда көлденең басқару жүйесін ұстану (бөлімшелерге бөлінген бюджет шеңберінде операциялық дербестік беру);

6. Бюджеттік қаражатты пайдалану бойынша қатаң есептілік механизмдерін енгізу;

7. Бюджеттік қаражаттың тиімді пайдаланылуын бақылау, міндетті түрде нәтижелерді презентациялау және бағалау;

8. Негізгі құралдарды үйлестіру және олардың жай-күйін бағалау үшін тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру, негізгі құралдардың жарамсыздығын анықтап, есептен шығару актілерін жасау (негізгі құралдарды есептен шығару актілері);

9. Бюджеттік комиссия құрамындағы кейбір мүшелердің жұмыстан шығуына байланысты, 2022 жылғы 13 қыркүйектегі №245 «Бюджеттік комиссия құру туралы» бұйрықты қайта бекіту;

10. Тауар-материалдық құндылықтарды есепке алу бойынша автоматтандырылған жүйені енгізу мүмкіндігін қарастыру;

11. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу және енгізу (қабылдау комиссиясы, заң бөлімі, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі, жоспарлау-экономикалық бөлімі, оқу бөлімі, тіркеу кеңсесі, студенттерге қызмет көрсету орталығы және т.б.);

12. Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесін әзірлеу үшін комиссия құру. Осы тізбені бекітіп, онымен күнделікті қызметінде осы мәліметтермен жұмыс істейтін қызметкерлерді таныстыру, сондай-ақ олардың жария етілуіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

13. Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына, сондай-ақ Қоғамның 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес келтіру;

14. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын қайта қарап, оларды Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен қолданыстағы құрылымға сәйкес келтіру, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін айқындау және бірін-бірі алмастыру жүйесін енгізу;

15. Қатысу мониторингін күшейту, сабаққа қатыспағаны туралы деректерді электронды журналға дереу (сол күні) енгізу;

16. Студенттердің университет аумағында болуын бақылау және олардың сабаққа қатысу деректерімен тұрақты түрде салыстырып тексеру («кіру-шығу» есебі);

17. Студенттердің жұмыстарын басқа пән оқытушыларының жүйелі түрде тәуелсіз түрде (соқыр) тексеруін енгізу.

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет бағыты бойынша:

1. Құрылымдық бөлімше басшыларына қызметкерлердің атқаратын жұмысының көлемін объективті бағалау мақсатында қызметтік қызметті жоспарлау нысанын (күнделікті, айлық, тоқсандық) енгізу және тиісті есептілікті

жүргізу. Құрылымдық бөлімшелердің жоспарларынан сыбайлас жемқорлық қаупін тудыратын мерзімдерді алып тастау;

Қазіргі кезеңдегі штаттық саны 396 бірлікті құрайды, оның ішінде профессорлық-оқытушылық құрам бар.

Персоналды басқару бойынша Қоғам қызметінің мүдделер қақтығысының бар-жоғын талдау нәтижесі: Мүдделер қақтығысын реттеу:

Бос лауазымдарға жақын туыстары (ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, туған және тумаған бауырлары, ата-әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) тікелей бағынысты болып орналасу фактілері анықталған жоқ.

Қоғамға жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшылықпен байланысы жоқ.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес лауазымды тұлғаларға (ректор, проректорлар, кафедра меңгерушілері және басқа құрылымдық бөлімшелер басшылары) белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Профессорлық-оқытушылық және әкімшілік-басқарушылық құрамдағы қызметкерлердің еңбек шартының бұзылуының негізгі себебі – олардың жеке қалауы. Қазіргі кезеңде кадрлық шешімдер қабылдау және кадрлық мәселелер бойынша шағымдар түскен жоқ.

Осы бағыт бойынша Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлық қаупі анықталған жоқ.

2. HR және корпоративтік даму департаментіне (бұдан әрі – Департамент) құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің жұмыс уақытын тиімді пайдалануын (тайм-менеджмент) талдау және олардың атқаратын жұмысының көлемін анықтау үшін олардың лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер енгізу;

3. Қоғам қызметкерлерінің жұмыс орындарына уақытында келуін жоспарлы және жоспардан тыс тексерістер жүргізу, жұмыс уақытының есебі табелдерінің заңдылығын және жалақы төлеу тәртібін бақылауға алу;

4. Қолданыстағы жұмыс жоспарларына сәйкес, Қоғам қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін орындауға қажетті біліктілігінің бар-жоғын анықтау үшін кезекті аттестациялау мәселесін қарастыру;

5. Департамент пен құрылымдық бөлімше басшыларына еңбек тәртібінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету. HR бөлімінде техникалық персоналды тіркеу тәжірибесін қайта жаңарту. Тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлерді бұйрықтармен уақытылы таныстыруды қамтамасыз ету;

6. Жыл сайын Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлеп, күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін куратор-проректорға бекітуге ұсыну. Жоспардың орындалуын бақылау, тоқсан сайынғы есеп беру және талдамалық анықтама ұсыну;

7. Мамандардың жұмысының сапасын бағалау үшін қажет болған жағдайда ПӘК (КРІ) карталарын әзірлеу;

8. Қоғамға жаңадан қабылданған қызметкерлердің еңбек шарттарын сәйкестендіру және қолданыстағы еңбек шарттарын 30 жұмыс күнінен

кешіктірмей түгендеу, толықтырулар мен қосымша келісімдер рәсімдеу. Барлық есепке алу журналдарын жаңарту және өзекті ету;

9. Департаментке Қоғам қызметкерлерінің еңбек шарттарына олардың қызметі барысында белгілі болған ақпараттың құпиялылығын сақтау міндетін енгізу;

10. Лауазымдық нұсқаулықтардың тиісті бөліміне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың келесі тармақтарын енгізу мүмкіндігін қарастыру: *Оқытушы, қызметкер адалдықтың, зиялылықтың, мораль мен әдептіліктің үлгісі болуға, кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне, тәртіпсіздік пен жауапсыздыққа қарсы тұруға тиіс; Оқытушы, қызметкер өз қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде студенттермен тәрбие жұмысын жүргізуді, олардың білімділігі мен мәдениеттілігіне қамқорлық жасауды, шынайы отанышылдыққа тәрбиелеуді айқындауы тиіс; Оқытушы, қызметкер өзінің кәсіби міндеттерін орындауда студенттерге сыбайлас жемқорлықтың жол берілмейтінін үлгі етіп көрсетуі, моральдық құндылықтарды насихаттауы тиіс; Оқытушы, қызметкер әріптестерін және студенттерін бағалауда адал әрі бейтарап болуы, қызметтік этика нормаларын сақтамау фактілерін болдырмауы тиіс; Оқытушы, қызметкер Қоғамның іскерлік беделін қадірлеуге, оның абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген әрекеттерден аулақ болуға міндетті;*

11. Департамент пен ақпараттық технологиялар бөліміне қызметкерлердің еңбек тәртібін бақылау үшін «PERCo-S20» кіру бақылау және жұмыс уақытын есепке алу жүйесін (КББЖ) енгізуді қамтамасыз ету. Қызметкерлердің еңбек шарттарына КББЖ жүйесі арқылы жұмыс уақытын бақылау туралы тармақты енгізу;

12. Білім беру қызметтеріне жасалған шарттарда дебиторлық берешек қаупін болдырмайтын ережелерді қарастыру, сондай-ақ студенттердің оқу ақысын уақтылы төлеуін бақылау механизмін жетілдіру;

13. «Шарттарды рәсімдеу, жасасу және орындалуын бақылау тәртібін» әзірлеу, онда келісімдерді рәсімдеу және келісу жолдары, кепілдіктер, құқықтық және қаржылық қамтамасыз ету шаралары көрсетіледі;

14. Заңдық сараптамадан өткен үлгілік шарттарды әзірлеу;

15. Азаматтық-құқықтық шарттарды талдау, сыбайлас жемқорлық немесе заңсыз келісімдер белгілерін анықтау (мысалы, әртүрлі шоттарға төлемдер, қосымша қызмет көрсету талаптары және т.б.);

16. Мемлекеттік сатып алу сайтында және басқа арнайы тізілімдерде серіктестерді тексеру;

17. Шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер мен заңнаманы сақтау талаптарын енгізу;

18. Шарттардың бұзылуына санкциялар енгізу, келіспеушіліктерді шешу тетіктерін көрсету, олардың заңға сәйкестігін тексеру;

19. Мемлекеттік сатып алулар бойынша талдау:

• 2021 ж. – 216 бірлік (20,73%);

• 2022 ж. – 49 бірлік (6,33%);

20. Мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы өзгерістерге байланысты тікелей шарт жасасу практикасын алып тастау;

21. Мемлекеттік сатып алулардың тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін жауапты тұлғалардың жеке жауапкершілігін күшейту.

22. Қоғамның жауапты тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қоғамның бюджеттеу ережесінің, мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру регламентінің (МСА Т/Ж/Қ) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын қатаң сақтауы қажет.

23. Құрылымдық бөлімшелерге арналған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді Т/Ж/Қ сатып алу бойынша өтінімдерді, коммерциялық және бағалық ұсыныстарды (прайс-парақтар) Қоғамның комплаенс-офицеріне және Бюджеттік комиссиясына қарауға және келісуге жіберу қажет. Комплаенс-офицер мен Бюджеттік комиссия мақұлдағаннан кейін құрылымдық бөлімшелерге арналған Т/Ж/Қ сатып алу өтінімдері коммерциялық және бағалық ұсыныстарымен (прайс-парақтар) бірге Қоғам бюджетіне енгізілуі тиіс.

24. Қоғамның бюджетін дайындау, қалыптастыру және келісу процестері барысында бюджеттеу процесіне қатысушылар арасында даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, оларды Қоғамның Бюджеттік комиссиясының отырыстарында шешу қажет.

25. Қоғамның мемлекеттік сатып алу рәсімдерін (МСА) өткізу кезінде, сондай-ақ бір көзден мемлекеттік сатып алу келісімшартын тікелей жасау тәсілімен Т/Ж/Қ сатып алу тек Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ЗРК «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 17), 18), 20), 21), 23), 26), 31), 32), 35), 40) және 41) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

26. Барлық басқа жағдайларда Қоғамның Т/Ж/Қ мемлекеттік сатып алуын «Заңның» 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген бәсекелестік тәсілдер арқылы жүзеге асыру қажет, атап айтқанда:

- конкурс (ашық конкурс, екі кезеңдік процедурасы бар конкурс, алдын ала біліктілік іріктеуі бар конкурс, шеңберлік келісімдерді пайдалану арқылы конкурс, рейтингтік-балдық жүйе бойынша конкурс, өмірлік цикл құнын есептеу әдісімен конкурс);
- аукциондар;
- баға ұсыныстарын сұрату;
- тауарлық биржалар арқылы;
- электрондық дүкен арқылы.

27. Т/Ж/Қ қабылдау сапасын арттыру және мемлекеттік сатып алу веб-порталында (www.goszakup.gov.kz) мемлекеттік сатып алу шарттарын және Т/Ж/Қ қабылдау актілерін рәсімдеу кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мақсатында келесі лауазымды тұлғаларды келісу және бекіту процесіне тұрақты түрде енгізу қажет:

- Құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін проректор (сатып алу бастамашысы);
- Құрылымдық бөлімшенің басшысы (сатып алу бастамашысы);
- Бас бухгалтер;
- Материалдық қойманың бухгалтері;

• Комплаенс-офицер (қажет болған жағдайда).

28. Т/Ж/Қ -ды сандық және сапалық қабылдауды бірыңғай саясат негізінде жүзеге асыру үшін тиісті нұсқаулықты (регламентті және т.б.) әзірлеп, бекіту қажет.

29. Қоғамда Т/Ж/Қ қабылдау бойынша жауапты лауазымды тұлғаларды анықтау.

30. Қоғамда Т/Ж/Қ қабылдау сапасын бақылауға жауапты лауазымды тұлғаларды анықтау.

31. Лауазымды тұлғалар мен Қоғам басшыларының электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалану кезіндегі міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктерін реттейтін тиісті актіні (бұйрық, өкім) жаңарту. Қоғамның жауапты лауазымды тұлғалары мен басшылары мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде Қоғам берген ЭЦҚ-ны қолданады. Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және «Ақпараттандыру туралы» Заңына сәйкес, ЭЦҚ-ны заңсыз пайдалану үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

32. Қаржылық қаражаттың жұмсалудың ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында жыл сайынғы даму жоспарлары мен олардың орындалуы туралы есептерді Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру.

33. Білім беру қызметтері туралы шарттарға дебиторлық берешек қаупін болдырмайтын тармақтарды енгізу, сондай-ақ студенттердің оқу ақысын уақытында төлеуін бақылау механизмін жегілдіру үшін Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу.

34. Құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру, заңнаманы түсіндіру, заңнаманы құрылымдық бөлімшелерде қолдану тәжірибесін жүйелеу мақсатында бірыңғай ақпараттық жүйеге (БАЗ) стандартты заң құжаттарының үлгілерін енгізу (ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар, қағидалар, негізгі қызмет бұйрықтары, жеке құрам бойынша бұйрықтар және т.б.), сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерде құқықтық мәселелер бойынша семинарлар (вебинарлар) өткізу.

35. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V «Ақпараттандыру туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі №965 қаулысына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік бойынша сыртқы аудит жүргізу. Аудит нәтижелері бойынша ақпаратты, оның ішінде қызметтік ақпаратты қорғау бойынша алдын алу шараларын енгізу.

36. Компьютерлік жабдықтардың инвентаризациясын жүргізу және жабдықтардың нақты қажеттілігін анықтау, оны жаңарту және жаңа технологияларды енгізу.

37. Электрондық құжат айналымының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін негізгі құжаттарды шығару және тіркеу құралы ретінде енгізу.

38. Мұрағат бөлмесін реконструкциялау, жөндеу немесе оны құжаттарды сақтау талаптарына сәйкес келетін басқа орынға көшіру.

39. Құжаттарды басқару мен номенклатуралық істерді жүргізу жағдайын тексеру үшін Эксперттік комиссия құру.

40. Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесе отырып, номенклатуралық істерді, журналдарды және кітаптарды Қоғамның құрылымына сәйкес келтіру.

41. Құрылымдық бөлімшелерде құжат айналымына жауапты лауазымды тұлғаларды тағайындау және құжаттарды тіркеу журналдарын енгізу.


42. Ректор аппаратының басшысы өзінің жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын тоқсан сайын тексеру мүмкіндігін қарастыру.

43. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларын күшейту үшін тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу және ішкі талдау жасау.


44. Кешенді жоспардың орындалуын бақылауды күшейту.

45. Қоғам қызметіндегі ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелерін ресми интернет-ресурста жариялау.


Комплаенс-офицер

 **Б. Тельтаев**

Ішкі аудитор

 **Д. Баялбаева**

Заңгер

 **Г. Поведенок**

«10» сәуір 2023 жыл.